

## **АНТОНИМДІК-СИНОНИМДІК ПАРАДИГМАЛАР**

Лингвистикалық енбектерде парадигма, синтагма терминдерінің бұрыннан қолданылып келе жатқандығы айтылып, анықтамалар берілген: «Парадигма деп тілдік бірліктің тілдік система элементі ретінде бір-біріне жақын не қарсы

келетін қасиеттерімен адам санасында жинақталған, яғни тіл элементтерінің сол тілді пайдаланушы адамның санасында жинақталуын айтамыз» [1, 310]. Парадигма (грек. *paradeigma* – үлгі, мысал) – бір-біріне қарама-қарсы қойылған, бірақ

ортак белгісі бар немесе ұқсас ассоциация тудыруши кез келген лингвистикалық бірліктер тобы. Парадигмалық қатынастар арқылы байланыста болатын тіл бірліктерінің жиынтығы [2, 126].

Әткен ғасырдың 70-жылдарына дейін философияда қарама-қарсылық – «қарама-қарсылықтың бір жағын көрсететін категория» деп берілген. Ал Е.Миллер философиялық деректерге сүйене отырып [3, 79-89], қарама-қарсылық – «развитое до предела различие одной сущности» [4, 41], айырмашылықтың ең соңғы деңгейі, кезеңі деп көрсеткен. Қарама-қайшылық заттың қасиетінде: оның бөліктегіне жақындық, ұқастық, алшактық, қарама-қарсылық жатады. Сонымен біздің қарама-қарсылыққа бір мағынаның шеткі айырмашылықтарына дейін дамыған деген тұжырымымыз қазіргі заманғы ғылыми және философиялық ой-пікірлерімізben қайшы келмейтін сияқты. Біз антонимдік қарама-қарсылықты абсолютті және ауыспалы деп беруіміз сыртқы және ішкі қарама-қарсылықтардың болуымен тұра келеді. Мысалы, философтар екі орындықтың ақ және қара түске боялуын қарама-қарсылық деп қарастырады, ол столдың бар-жоқтығымен байланысы емес, бұл сыртқы қарама-қарсылық жақтардың, заттардың, үрдістердің ішкі бірлігінің керекті байланысты болып табылады. Осылай біз антонимдерді абсолютті деп бөлеміз – себебі олардың қарама-қарсылығы ауыспалы емес, еркін; сонымен қатар ауыспалы – оның қарама-қарсылығы көзқарасқа, қандай да бір нақты коммуникативті жағдайға байланысты болады.

Бірінші топқа антонимдердің екі түрін жатыз. Нақты өмірде, тіршілікте бар құбылыс, үрдіс, қасиеттердің қарама-карсы мағыналарын көрсететін антонимдер: *шыгару-жұту* (жылу энергиясы), *көтерілу-төмендеу* (дене ыстығы, температура), *қату-еру* (жер қабаты, қыртысы) тағы басқалары.

Бұл мысалдар неге бірінші топқа жіктеледі деген занды сұрақ тууы мүмкін. Қазақ тілін білетін кез келген адам осы жұптардың антонимдес екендігін айтып бере алады, бірақ қалыпты өмірдегі құбылыс, үрдіс, қасиет-қатысына қарай жылы – сұық, жақын – алыс жұптарының антонимдес емес, бұларға қарама-карсы мағынадағы сөздер деген анықтама берумен шектелуі мүмкін. Жылы – сұық антонимдік жұбына тоқталар болсақ; осы сөздердің қарама-карсы мағыналарының арасынан «айырмашылықтың екі шегін беретін» қандай да бір қарама-қарсылықтың басталу са-

пасын (белгісін, қасиетін) көрсететін нейтралды (не сұық емес, не жылы емес) нүктені (сызықты, белгіні) алсақ, адамзаттың ойлау өрісіне қарай, әр түрлі жағдайға қарай осы нүктені қабылдау деңгейі өзгеріске түсе алады. Ендеше жылы және сұық сөздерін әр түрлі заттармен, құбылыстармен, нәрселермен, үрдістермен байланыста қолдану осындай өзгерістерді тузызады.

Бірінші топтағы антонимдерді екі түрге бөліп қарастыруымыз шартты турде: себебі бірінші түрдегі антоним жасайтын қарама-қарсылық қофамдық өмірдегі құбылыстарды да көрсете алады және керісінше екінші түрдегі жұптар біріншінің қызметін алып жүреді: *төмендеу – жогарылау, болыну – бірлесу* т.б.

Екінші топты да шартты түрде екінші түрдегі қарастыруға болады. Құнделікті тұрмыста кездесетін, адамдар ойынан тәуелсіз құбылыстар, өзгеріс-фактілерді сипаттауда жұмсалатын антонимдер. Олардың қарама-қарсылығы қандай да бір белгілермен шектеулі. Мұндай антонимдердің қарама-қарсылық мағынасы шартты, ал сипатталуы нақты-нақты бір салада немесе бір нақты қарым-қатынас кезінде қолданылады: *бай-кедей* (көсіпкер, жұмысшы), *алыс-жақын* (аспан, жер), *биік-аласа* (шың, ағаш), *улкен-кішкентай* (жануар, жәндік). Мұндағы жақша ішіндегі сөздер антонимдер мағынасының шарттылығын көрсетеді. Мәселен, шың мен ағаш сөздері арқылы биік-аласа антонимдік жұбының шарттылығын көрсетуге болады: ең биік ағаш ең аласа шыңдан анағұрлым төмен, немесе ең төмен шың ең жоғары ағаштан жоғары. Егер бірінші топтағы антонимдермен жоғарыдағы мысалдағы антонимдерді салыстыра болсақ, біраз айырмашылықтарды көруге болады: *улкею-кішірею* жұбындағы антонимдік қарама-қарсылықтың сипаты, сол шың мен ағашқа байланысты еш өзгермейді, яғни абсолютті болады, ал *алыс-жақын*, *улкен-кіші* жұптары тек бір текстес заттар не бір құбылысты салыстырганда қарама-қарсы мағына береді. Мысалы: алыс не жақын жер, биік не аласа тау.

Осы топтағы екінші түрдегі антонимдерге көпжылдық, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер, ырымдар, адамның нақты бір өмір сүру жағдайына байланысты құбылыстар, фактілер, қасиеттердің қарама-қарсылығы субъективті көзқарас негізінде қабылданатын объективті айырмашылықтардағы құбылыстар, өзгерістер және басқа фактілерді сипаттайтын құбылыстар жатады. Мысалы: *ащы-тәтті*

(дәмдік қасиеттері), *мейірімді-қатығез* (адамдық қасиеттер), *жақсы-жаман* (сапа), *дұрыс-бұрыс* (көзқарас).

Бірінші топтағы сияқты екінші топтың екі түрі аралығында да бірлестік бар. Олардың ен негізгі қасиеттері – бұл топтың антонимдік жұптары шартты қарама-қарсылықты білдіре-тіндігінде. Осы топтастырған кезде соңғы түрді тағы екі шартты топшаға бөліп қарастыратынымызды атап өткен жөн: өмірде жоқ құбылыстар мен қасиеттерді беретін қиялдағы қарама-қарсылықты антонимдер – өмірде нақты фактілерді, құбылыстарды беретін антонимдік жұптар. Мысалы: *бұ дұние – о дұние, жолы болды – ойлаганы іске аспады, орынды – орынсыз т.б.*

Жоғарыдағы ойларымызды сараптай келе, тіл біліміндегі қарама-қарсылық мәндердің бәрі сыртқы күштердің өсерінен пайда болады деуге болады. Қарама-қарсылықтың берілу мәнін, ой-қиялдың шығармашылықпен қабылданатынын ескерген жөн. Сол себепті де материалдық өмірде жоқ, бірақ ой-қиялымыздың өсерінен пайда болған құбылыстарды – объективті дүниедегі құбылыстар қатарына жатқызуға болады.

Лексика-семантикалық жүйенің саралану белгілерін анықтай келе, А.А.Уфимцева оларға тән белгі ретінде тіл жүйесіндегі сөздердің үш деңгейдегі мағыналық байланыстарын атайды:

- а) жеке сөздер деңгейіндегі мағыналық байланыстар (сөз ішіндегі мағыналық байланыстар);
- ә) сөз тізбектері деңгейіндегі байланыстар (микрожүйелдердегі сөздердің өзара байланыстары);
- б) тілдік жүйе деңгейіндегі мағыналық байланыстар: сөз жасаушы байланыстар [5].

Бірінші және екінші деңгейдегі мағыналық байланыстарды зерттеу антонимия мен полисемияның арасындағы қатынастардың мазмұнын аша түседі. Антонимия мен полисемияның байланыстарын көнінен түсіндіру үшін, полисемияның ауқымы көндеу екенін, антонимияның полисемияға қосылатынын, сонымен анықталатынын, ал полисемия өз кезегінде антонимияны күрделендіріп: «бір-біріне қарама-қарсы сөздердің күрделендіретінін» айта кету керек.

А.А.Уфимцева енбегінде [5] антоним мен синонимдердің үқас тұстары аталағы өткен. Антонимдер де, синонимдер де лексика-семантикалық топқа жатады. Антонимдердің негізі – үғымның қарама-қайшылығында болса, синонимдердің негізі – мағына жақындығында. Л.А.Новиков қарама-қарсылық бір құбылыстын,

екі не бірнеше құбылыстардың арасында болатынын атап көрсетеді. Синонимдік, антонимдік байланыс қолданылу кезінде анық байқалады. Антонимдерді де семаларын салыстыру арқылы, контексте қолданылу мүмкіндіктерін көрсетуге болады. Ю.Д.Апресян антонимдер мағынасына талдау жасау арқылы «антонимдердің жалпылық қасиеті олардың семантикалық қасиетінен ғана шығады. Дүниеде қарама-қарсы өрекеттер өмір сүрмейді, олар адамдардың ойлауы арқылы анықталады», – дейді [6, 49].

Қарама-қарсылық пен жалпылық үғым заттардың белгісі болып саналмайды, ойлау процесі негізінде анықталады. Синонимдер мен антонимдер арасындағы байланыс бір өлшемге негізделмейді. Фалым А.Е.Жусіпов: «Кейір синонимдік катарлар екінші бір синонимдік катарға қарсы мағыналас болып келіп, бұған қарама-қарсы екінші бір синонимдік катар жасалып, антонимдік жұптар жасалатынын» атап өтеді [7]. Дегенмен, кез келген синонимдерді қарама-қарсы қою арқылы антонимдік жұп құрыла бермейді.

Бір контексте мәндес сөздердің стильтік мақсатта қатар қолданылатыны сияқты, антонимдік-синонимдік катарлар да бірге қолданылады. Бұл – сөйлемге ерекше мән беріп, контекст мазмұнын тиянақтай, жинақтай түседі. Кейде жағымсыз болмысты суреттеу мақсатында түбірлес сөздерге сын есімнің *-сыз/-сіз* жүрнектары жалғану арқылы да қарама-қарсы мағына тудыруға болады: *некелі-некесіз, балалы-баласыз*.

Вариант, дублет – француз сөзі, қазақша екі, қос сөз деген үғымды береді. Варианттың (латын. varians – өзгермелі) бір сөздің өр түрлі айтылып, өр түрлі нұскада берілуі. Варианттылық тілдің коммуникативтік қызметіне байланысты. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» енбегінде сөз вариантын фонетикалық және морфологиялық деп екіге бөледі. Автор фонетикалық вариантын дербес лексикалық единицаларға айналуы мүмкін дейді [8]. Ә.Болғанбаев қазақ тіліндегі жарыса қолданылып жүрген вариантарды синонимдермен ажырату қажет екендігіне токталады [9, 53].

Синонимдерді жіктеу үшін антонимдердің маңызды екендігін шетелдік фалым Ш.Баллиден соң [10, 6], орыс тіл білімінде алғаш көрсеткен А.М.Пешковский болды: «Ничто так не помогает выявить разницу между синонимами, как подбирание к ним антонимов» [11, 175].

Арнайы және оқу құралдарында антонимдер мен синонимдердің үқастыры А.А.Уфимцева, Л.А.Новиков, В.Введенская және басқа фалым-

дардың еңбектерінде аталағы өткен. Жинақталған деректерді топтастыра келе, антонимдер мен синонимдерді мынадай жүйеге келтіруге болады:

- 1) әр түрлі сөздер;
- 2) бір сөз табына жатады;
- 3) бір лексика-семантикалық топқа жатады;
- 4) кейбір мағыналарында антонимдік және синонимдік қатынасқа түседі;
- 5) антонимдік және синонимдік қатар деп аталағын микрокұрылымдарды түзеді.

«Антонимдер лексиканың өзге топтарынан оқшау, жеке-дара түрған құбылыс емес, олар синонимдермен байланысып жатады» [12].

Осы тұста Л.В. Введенскаяның антонимдердің теориясы мен лексикографиясына арнау жазған құнды қолжазбаларының орны ерекше. Ғалым – синонимдік-антонимдік парадигманы құрып, бірнеше сөзден, я сөйлемнен түратын тілдік бірліктер арасындағы антонимдік қатынастардың ара жігін ашып, қарама-қарсылыққа негізделген стилистикалық фигурапарды бөліп, олардың атауларын табуда көп еңбек сініреді.

Антоним де, синоним де семантикалық құбылыс. Антоним мағына қарама-қарсылығына негізделсе, синоним мағына жақындығына негізделеді. Мысалы, *жұас-асау* деген антоним-дік жұптың екінші сыңарының синонимі – *тентек*. Осы сөз *жұас* сөзіне қарсы мағынада қолданылған антоним болады, соның нәтижесінде екі антонимдік-синонимдік жұп туады.

«Синоним сөздер мағына жағынан бір-біріне жақын болғанымен, үнемі бірінің орнына бірі қолданыла бермейді» [13, 22-23]. Өйткені оларда мағыналық жақындықта, алшактықта бар. Сондықтан синонимдік қатардағы сөздер өзіне қарсы мағыналас екінші бір синонимдік қатарға енген сөздердің кез келгенімен антонимдес бола бермейді. Синонимдер бірінің орнына бірі қолданылғанда таңдал, талғап қолданылатыны сияқты, антонимдік жұп құрғанда да таңдал, талғап жұмсалады.

Синонимдік қатарлар баспалдақты (синонимдік сөздіктерде бірінен соң бірі орналасқан бірліктер түрінде беріледі), олар ашық құрылым деп есептеледі де (синонимдік қатарлардың ашықтығы мен жабықтығы жайлы бірынғай пікірлер жоқ, мәселен Б.В. Гронунг синонимдер жабық синонимдік қатар түзулері керек деп есептеген), ал антонимдік қатарлар екі мүшеден тұрады да, жабық құрылым деп саналады (антонимдік сөздіктерді антонимдік қатардың мүшелері сы-

зықша арқылы беріледі). «Антонимдердің жабық класы лексика саласында көбірек кездеседі: мәселен екі мүшеден ғана тұратын негізгі сын есімдерден болған шағын жабық кластарды атап көрсетуге болады – *улкен-кіші; ұзын-қысқа; ыстық-сұық* т.б.» [14, 135].

Антонимдер мен синонимдер стилистикалық реңдеріне қарай да өзгешеленеді: біріншілері антонимдік қатар түзіп, негізінен бірдей стилистикалық реңде болады, ал екіншілер үшін бір қатынаста әр түрлі стилистикалық мағынадағы сөздердің болуы ғажап емес. Тіпті синонимдердің әр түрлі стилистикалық «салаларға» жатуы олардың бірден-бір ерекшелігі болып саналады.

Антонимдік қатынасқа түсетін екі синонимдік қатарлы сөздер арасында екі түрлі байланыс бар: радиальды және линейлі.

Радиальды байланыс кезінде бір синонимдік қатардағы сөздер келесі синонимдік қатардың әр сөзімен антонимдік жұп құрайды. Егер синонимдердің бірінші қатарын шартты түрде А, Ә, Б деп аталағын болсақ, екінші қатар кезегінде А<sub>1</sub>, Ә<sub>1</sub>, Б<sub>1</sub> болады.

Радиальды байланыс әр синонимдік қатардағы сөздер өзара антонимдік жұпты құра алатын жағдайда ғана мүмкін болады. Сызбада көрсетілгендей кез келген сөз қарсы жұптағы сөзге антоним болуы негізгі шарт болып табылады. Мысалы: *алыс – жақын, қашық – таяу* жұптары әр түрлі тақырыптық топқа жататын сөздермен жұпталғанда береді, ал *ауыл, аймақ, көл, орман, аялдама* т.б. антонимдік жұптар қандай да бір күрделі стилистикалық өзгешелікке ие емес, сондықтан осы жұптардың орын алмасып қолданыла берулеріне болады: *алыс – таяу, қашық – жынық, жырақ – жақын, алыс – жынық, жырақ – таяу*.

Радиальды байланыс кезінде сөйлемдегі антонимдерді синонимдік жұптағы басқа да сөздермен еркін ауыстыра беруге болады:

«Алыстан арбалаганша, жақыннан дорбала». «Жыраққа қойсан, Жақыннан аласын».

Линейлі байланыс кезінде әр сөз келесі синонимдік қатардағы тек бір ғана синонимге антоним бола алады. Мұндай жағдай көбінесе бір түбірлі сөздер бір-біріне қарама-қарсы қойылған кезде жиі кездесіп отырады.

«*Улгілі – үлгісіз, көргенді – көргенсіз, тәрбиелі – тәрбиесіз, өнегелі – өнегесіз, әдепті – әдепсіз*. Мысалы, халық мәтеліндегі:

«*Әдепті* бала – арлы бала,  
*Әдепсіз* бала – сорлы бала».

Антонимдік-синонимдік парадигмаларды жан-жақты зерттеген В.В. Введенскаяның тұжырымдауынша, синонимдік байланыстарына қарай антонимдік жұптарды үш топқа бөліп қарастыруға болады екен:

1) антонимдік жұп мүшелерінің синонимдері жоқтар;

2) жұптың екеуінде де синонимдері барлар;

3) антонимдік жұп мүшелерінің тек біреуінде гана синонимі бар сөздер [15, 10].



Қазақ тіл білімінде бір сөз қарсы синонимдік қатардағы кез келген сөзбен антонимдік қатынаста жұп құра алатын болса, сол қатардағы келесі сөздер ондай мүмкіндікке ие бола алмайды. Синонимдік қатардағы сөздер өзіне қарсы мағыналас екінші бір синонимдік қатарға енген сөздердің кез келгенімен антонимдік жұпқа түсे бермейді. Синоним сөздер бірінің орнына бірі қолданылғанда тандап, талғап қолданылатыны сияқты антонимдер де өз жұптарын сол принципке сай құрайды. «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» мынадай синоним қатары берілген: *кушті*, *әлді*, *мықты*, *қарулы*, *қайратты*, *қажырлы*, *берік*. Осы сөздер зат есімдермен тіркесіп келіп белгілі бір заттардың, адамдардың қасиеттерін білдіреді. Осы синонимдік қатардағы сөздер өз ерекшеліктеріне сай антонимдік жұп тандайды: *кушті* – *әлсіз* (адам); *мықты* – *жасасық* (басшы); *берік* – *осал* (мекеме); *қажырлы* – *ынжық* (жігіт), *қуатты* – *қуатсыз* (электр токтары). Осы мысалдардан байқағанымыздай синонимдік қатардағы кейбір сөздер қарама-қарсы синонимдік қатардағы бірнеше сөздермен (радиальды қатынаска түскен), ал керісінше біразы тек бір гана сөзбен жұп құрады (линейлі байланысқа түскен).

Жоғарыдағы тұжырымдарды ескере келе мынадай корытындылар жасауға болады:

1) лексикалық синонимдер мен антонимдік жұптар көркем өдебиет тілінде еркін мәңгеріліп, орнымен жұмсалып, айтылар ойдың көркемдігін теренде беруге жұмсалады;

2) синонимдік-антонимдік жұптар еркін тіркесу нәтижесінде шығарма тілінің эмоционалды-экспрессивті бояуын ашып отырады;

3) антонимдік-синонимдік жұптар радиальды және линейлі қатынаска түсіп, жұп-сынарлар құрайды;

4) Бір мағына беретін бірнеше сөзді және қарама-қарсы мағыналы сөзді ұтымды колдана отырып, жазушы шығармалары тілінде сұлу да өрнекті бейнеле жасалады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М.: Советская энциклопедия. 1966. 608 с.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-словарь, 2002. 304-б.
3. Аверьянов А.Н. Динамика противоречий // Вопросы философии. 1976. №5.
4. Миллер Е.Н. Вопросы лексики и фразеологии современного русского языка. Ростов-на-Дону, 1968. 208 с.
5. Уфимцева А.А. К вопросу о лексико-семантической системе языка // Вопросы языкоznания. 1962. №4.
6. Апресян Ю.Д. Проблемы синонимии // Вопросы языкоznания. 1957. №6.
7. Жусупов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары: КДА. Астана, 2004. 29-б.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Санат, 1993. 496-б.
9. Болганбаев Э. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы: Мектеп, 1998. 223-б.
10. Балли Ш. Французская стилистика. М., 1961. 394 с.
11. Пешковский А.М. Как вести занятия по синтаксису и стилистике в школах взрослых. М., 1959.
12. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы: Мектеп, 1984. 176-б.
13. Болганбаев Э. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы: Мектеп, 1979. 176 б.
14. Ельмслев Л. Можно ли считать, что значения образуют структуру? // Новое в лингвистике. М., 1962. Вып. II.
15. Введенская Л.А. О взаимодействии антонимии и синонимии. М., 1978.